

**«ҒҰМАРБЕК ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС
УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**«ҒҰМАРБЕК ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС
УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНА ЖОҒАРЫ
БІЛІМНІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША
ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ҚАҒИДАСЫ**

3 – ШЫҒАРЫЛЫМ

Қол қойылған күннен бастап күшіне енеді

Алматы 2020 ж.



Сапа менеджмент жүйесі

Мазмұны

Құжат төлқұжаты.....	3
Келісу парағы.....	4
1-тарау. Жалпы ережелер.....	5
2-тарау. Университетке қабылдау тәртібі.....	5
3-тарау. Университетке тіркеу тәртібі.....	7
<i>Қосымша</i>	

Құжат төлқұжаты	
Құжат түрі	Ереже
Құжат атауы	«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамына Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау қағидасы
Құжат мақсаты	Қабылдау қағидасының сипаттамасы: жалпы ережелер, талапкерлерді қабылдау ережелері, құжаттарды қабылдау ережелері, түсу емтихандарын өткізу тәртібі
Әзірлеген	Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы
Келіскен	Академиялық қызмет жөніндегі проректор Ғылыми және инновациялық қызмет жөніндегі проректор Тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Сапа менеджмент жүйесі бөлімі Заң кеңесшісі Мемлекеттік тіл және аударма бөлімі
Бекіткен	Ректор
Құжат орындаушылары	Қабылдау комиссиясы
Орындалуын бақылау	Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы
Құжатқа қосымша	Бар
Ерекшеліктер	Жоқ
Нормативтік сілтемелер	«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР заңы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі ҚР заңы
Түпнұсқа иесі	Сапа менеджмент жүйесі бөлімі

Келісу парағы

Қабылдау қағидасы келісілді:

Академиялық қызметі жөніндегі проректор

« ____ » _____ 2020 ж.

Ғылыми және инновациялық қызмет жөніндегі проректор

« ____ » _____ 2020 ж.

Тәрбие жұмысы жөніндегі проректор

« ____ » _____ 2020 ж.

Заң кеңесшісі

« ____ » _____ 2020 ж.

Сапа менеджмент жүйесі бөлімі

« ____ » _____ 2020 ж.

Мемлекеттік тіл және аударма бөлімінің бастығы

« ____ » _____ 2020 ж.

Өзірлеген:

Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы

« ____ » _____ 2020 ж.

1-тарау. Жалпы ережелер

1.1 Осы "Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Университет) Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау қағидасы (бұдан әрі – Қағида) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі-Заң) 43-1-бабы 2-тармағының б) тармақшасына және "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына (бұдан әрі-ҚР БҒМ №600 бұйрығы немесе Үлгілік қағида), Университетте оқуға қабылдау және "электрондық үкіметтің" www.egov.kz (бұдан әрі - портал) веб-порталы арқылы "Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібін айқындайтын "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген.

1.2. Университетке түсуші тұлғаларды қабылдау республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы мен жоғары білімнің білім беру грантына орналастыру, сондай-ақ білім алушының өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқу ақысын төлеу арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Университетке қабылдау тәртібі

2.1 Университетке жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар қабылданады.

2.2 Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе) ақылы оқуға қабылдау үшін қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, Ұлттық бірыңғай тестілеуден (бұдан әрі - ҰБТ) өткен және оның нәтижелері бойынша кемінде 50 балл жинаған тұлғаларға рұқсат етіледі. Сонымен бірге, әр ҰБТ пәні үшін кемінде 5 балл жинау керек.

2.3 Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беруге арналған конкурсқа қатысу үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша кемінде 25 балл, оның ішінде ҰБТ-ның әрбір пәні бойынша кемінде 5 балл алған тұлғалар жіберіледі.

2.4 SAT (эсэйти – САТ), АСТ (эйсити), IB (айби) халықаралық стандартталған тест сертификаттары бар тұлғалар білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысады және немесе осы Үлгілік қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес жоғары оқу орындарына ақылы бөлімге қабылданады. SAT (САТ) балдарын ҰБТ-ға ауыстыру SAT reasoning (САТ ризонинг) және SAT subject (САТ сабджект) сертификаттары болған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Бұл ретте SAT subject (САТ сабджект) нәтижелерін ҰБТ балына ауыстыру бейінді пәндер сәйкес келген жағдайда ғана жүргізіледі.

2.5 Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына оқуға қабылданады.

2.6 «Орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігін алған, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар ЖЖОКБҰ-ға қысқартылған оқыту

3-басылым

Қол қойылған күннен бастап күшіне енеді

18 беттен 5



мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша ақылы негізде оқуға түсушілерді қабылдауды Университеттің қабылдау комиссиялары жүзеге асырады.

2.7 Ақылы негізде қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша жоғары білімі бар тұлғаларды қабылдауды университеттің қабылдау комиссиясы жүзеге асырады..

2.8 Бөлінген квота бойынша шетел азаматтарын мемлекетаралық келісім негізінде құрылған университеттің халықаралық білім беру бағдарламаларына қабылдауды университет дербес жүзеге асырады.

2.9 Университетте ақылы негізде оқуға шетелдік азаматтарды қабылдау күнтізбелік жыл ішінде Университеттің қабылдау комиссиясы өткізген сұхбат нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Бұл жағдайда шетелдік азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

2.10 Сонымен бірге шетелдік азаматтарды білім беру гранты негізінде және ақылы негізде қабылдауды Заңның 9-1-бабына сәйкес аккредитациядан өткен Университет жүзеге асырады.

2.11 Университетке оқуға түсу кезінде «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы №264 қаулысымен бекітілген мөлшерде қабылдау квотасы қарастырылады.

2.12 Университетке түсушілерді қабылдау «Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4991 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша белгіленген үлгідегі сертификат және (немесе) үміткердің бірегей деректері бар ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) нәтижелерін растайтын Ұлттық тестілеу орталығының ресми сайтында жарияланатын электрондық сертификат (бұдан әрі – ҰБТ сертификаты) балдарына сәйкес олардың өтініштері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

2.13 Әрбір Университет басшының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына Университет басшысы, проректорлар, Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен оқытушы-профессорлар құрамының өкілдері кіреді. Қабылдау комиссиясы құрамының саны тақ санды құрайды. Қабылдау комиссиясының төрағасы Университеттің басшысы болып табылады. Университет басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы тағайындалады.

3-тарау. Университетке қабылдау тәртібі

3.1 Талапкерлерді студенттер қатарына қабылдау үшін Университет Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің № 600 бұйрығының 3-қосымшасына сәйкес «Жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау үшін жоғары оқу орындарына қабылдау және құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет стандарты) басшылыққа алады.

3.2 Университетке түсу үшін қызмет алушылар қызмет жеткізушімен (университеттің қабылдау комиссиясы арқылы) немесе www.egov.kz электрондық үкіметтің веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы Мемлекеттік қызмет стандартының 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын ұсынады.

3.3 Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

3.4 Қызмет көрсетуші қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және қызмет алушыға құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады. Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда қызмет алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

3.5 Қызмет көрсетуші олар түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол өтініш берушіге порталдағы «жеке кабинетіне» электрондық құжат нысанында жіберіледі.

3.6 Қызмет алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда қызмет көрсетушіге Университетке қабылдау үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін қызмет алушы қызмет көрсетушіге құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылдың 10 мен 25 тамызы аралығында ұсынады. Құжаттарды қабылдағаннан кейін Университет басшысы қызмет алушыны Университет студенттерінің қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

3.7 Қызмет көрсетуші Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

3.8 Қызмет көрсетуші «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы [2-тармағының](#) 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

3.9 Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша қызмет көрсетушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

3.10 Заңның 25-бабының [2-тармағына](#) сәйкес көрсетілетін қызмет көрсетушінің мекенжайына келіп түскен қызмет алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

3.11 Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

3.12 Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, қызмет алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

3.13 Үміткерлерді студенттер қатарына қабылдауды ректордың немесе оның орынбасары міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен күнтізбелік жылдың 10-25 тамызы аралығында университеттің қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

3.14 Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет есебінен жоғары білім алуға арналған білім гранты иегерлері, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты және басқа да көздер есебінен оқу ақысы білім беру бағдарламаларының тиісті тобынан білім беру бағдарламасын таңдайды. Кафедралар бойынша білім беру бағдарламаларына кемі - 25 студент қабылданады. Аз санмен өтініш берушіден білім беру бағдарламасының тобына басқа білім беру бағдарламасын таңдау сұралады.

3-басылым

Қол қойылған күннен бастап күшіне енеді

18 беттен 7



3.15 Орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар, жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың тиісті салаларына өтініш білдірушілерді қоспағанда, қысқартылған оқу мерзімін көздейтін, 4-тармақта белгіленген шекті баллға (ҰБТ нәтижелері бойынша) жетпегендер университетте күндізгі бөлімде ақылы негізде оқиды.

3.16 Университетте академиялық оқу кезеңі аяқталғаннан кейін осы тұлғалар жыл бойы ҰБТ-ны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларында (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15173 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 204 бұйрық) белгіленген мерзімде тапсырады.

3.17 Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын тағайындау туралы электрондық куәлік алған адамдар куәлікте көрсетілген Университетке қабылдау жөнінде өтініш береді және Университет басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен студент қатарына қабылданады.

3.18 Мемлекеттік грант негізінде оқуға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы шарт жасайды.

3.19 № 204 бұйрықпен белгіленген мерзімге сәйкес ҰБТ тапсырған ағымдағы жылғы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар және осы Үлгілік қағидалардың 4-тармағында белгіленген шекті балды жинаған адамдар жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі Университет басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде Университетке қабылдау туралы өтініш береді.

3.20 Бұл ретте орта білімді ұйымдардың бітіруші 11 (12) сыныптың білім алушылары күнтізбелік жылғы 1 ақпан мен 25 тамызы аралығы кезеңінде жалпы орта білім туралы құжат алғанға дейін Университет басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде Университетке қабылдау туралы өтініш береді.

3.21 Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжат алғаннан кейін талапкерлер Мемлекеттік қызмет стандартында көрсетілген тізімге сәйкес құжаттарды ұсынады.

3.22 Университетке қабылдау жоғары білім беру және тілдік бөлімдерінің оқу бағдарламаларына сәйкес бөлек жүргізіледі.

3.23 Оқуға түсуші екінші деңгейдегі банктер беретін білім беру кредитін ресімдеген жағдайда, ол құжаттарының қаралып жатқандығы туралы банктен тиісті анықтаманы ұсынған кезде Университет студенттері қатарына қабылданады.

3.24 Бұл ретте оған білім беру қызметін көрсету шартында белгіленген және азаматты оқуға қабылдауға дейін төленуі тиіс соманы төлеу мерзімі білім беру кредитін ресімдеу кезеңіне, бірақ банктен анықтама алған кезден бастап 4 (төрт) аптадан асырылмай ұзартылады.

3.25 Шет тілінде берілген құжаттардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасы болуы тиіс.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде заңнамада белгіленген тәртіппен нострификациялау рәсімінен өтеді.

3.26 Университет меншік нысанына қарамастан, қабылдау аяқталғаннан бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға Университетке студенттерді қабылдау бойынша қорытынды есеп ұсынады.

1 – Қосымша

Бакалавриаттың білім беру бағдарламалары

Коды	Коды бар бағыт		Реттік нөмірі бар топ	ББ топтары	ББ коды	Білім беру бағдарламасы
6B06 Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар	6B061	Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар	B057	Ақпараттық технологиялар	6B06101	Информатика
					6B06102	Ақпараттық жүйелер
					6B06103	Есептеу техника және бағдарламалық камтамасыз ету
			B058	Ақпараттық қауіпсіздік	6B06301	Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері
	6B062	Телекоммуникация	B059	Коммуникациялар және коммуникациялық технологиялар	6B06201	Радиотехника, электроника және телекоммуникация
					6B06202	Ақпараттық технологиялар және жүйелер
6B06203					Арнайы электр байланысы	
6B07 Инженерлік, өндеу және құрылыс салалары	6B071	Инженерия және инженерлік іс	B062	Электр техникасы және энергетика	6B07103	Жылуэнергетика
					6B07117	Өнеркәсіптік кәсіпорындардағы энергетикалық кешендер мен жүйелер
					6B07107	Инженериядағы кәсіпкерлік
					6B07101	Электр энергетикасы
					6B07102	Электр энергетикадағы энергия үнемдеу мен энергия тиімділігін Smart технологиялармен басқару және интеграциялау

			V162	Жылу энергетикасы	6B07105	Жылу электр станциялар
			V063	Электр техникасы және автоматтандыру	6B07108	Автоматтандыру және басқару
			V064	Механика және металл өңдеу	6B07109	Аспап жасау
			V067	Әуе көлігі және технологиялары	6B07111	Ғарыштық техника және технологиялар
					6B07112	Ғарыштық инженерия
6B08 Ауыл шаруашылығы және биоресурслар	6B087	Жерге орналастыру	V081	Агроинженерия	6B08501	Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету
					6B08502	Ауыл өнеркәсіп нысандарын электрмен жабдықтаудың буданды жүйелері
6B11 Қызметтер	6B112	Өндірістегі гигиена және еңбек қорғау	V094	Санитарлық-профилактикалық шаралар	6B11201	Өмір тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау
					6B11202	Инженерлік экология және энергетикадағы қауіпсіздік

2- Қосымша

**SAT (ЭсЭйТи – САТ), АСТ (ЭйСиТи), IB (АйБи) балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру
шкаласы**

**Халықаралық стандартталған SAT тест сертификатының балдарын ҰБТ балдарына
ауыстыру шкаласы**

SAT халықаралық стандартталған тест		ҰБТ	
Тест түрлері	Балдар	Тест түрлері	Балдар
SAT reasoning (САТ ризонинг)	1 050 балдан кем емес	1 блок (міндетті пәндер)	60
SAT subject (САТ сабджект)	2 бейінді пәндердің әрқайсысы бойынша 650 балдан кем емес*	2 блок (2 бейінді пән)	80

* «ағылшын тілі» пәні үшін IELTS нәтижелері ескеріледі

Ескерту: SAT балдарын ҰБТ-ға ауыстыру тек бір уақытта SAT subject және SAT reasoning сертификаттары болған жағдайда ғана жүзеге асырылады. SAT subject нәтижелерін ҰБТ балына ауыстыру бейінді пәндер сәйкес келген жағдайда ғана жүргізіледі.

**АСТ стандартталған тестінің халықаралық сертификатының балдарын ҰБТ балдарына
ауыстыру шкаласы**

АСТ халықаралық стандартталған тест		ҰБТ	
Тест бөлімдері	Балдар	Тест түрлері	Балдар
English Mathematic Reading	Әрбір бөлімдер бойынша кемінде 18 балл	1 блок (міндетті пәндер)	60
Science (биология, география, химия, физика)	кемінде 18 баллов*	2 блок (2 бейінді пән)	80

* "ағылшын тілі" пәні үшін IELTS нәтижелері ескеріледі.

**ІВ Халықаралық бакалавриат бағдарламасының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру
шкаласы**

№	Пәндер / бағалар	ІВ						
		1	2	3	4	5	6	7
1	Қазақ тілі (оқу сауаттылығы)	6	9	12	15	17	19	20
2	Қазақ тілі (бейіндік пән)	12	18	24	30	34	38	40
3	Орыс тілі (оқу сауаттылығы)	6	9	12	15	17	19	20
4	Орыс тілі (бейіндік пән)	12	18	24	30	34	38	40
5	Қазақстан тарихы	6	9	12	15	17	19	20
6	Математика (Математикалық сауаттылық)	6	9	12	15	17	19	20
7	Математика (бейіндік пән)	12	18	24	30	34	38	40
8	Бейіндік пәндер	12	18	24	30	34	38	40

3 – Қосымша

«Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету стандарты		
1	Қызмет көрсетуші атауы	Мемлекеттік қызметті Университет – (бұдан әрі – қызмет көрсетуші) көрсетеді.
2	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру: 1) қызмет көрсетуші; 2) www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Қызмет көрсетушіге құжаттар топтамасын тапсырған, сондай-ақ порталға жүгінген сәттен бастап 1 жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық және (немесе) қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Құжаттарды қабылдау туралы қолхатты беру және Университетке қабылдау туралы бұйрықты шығару Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі болып табылады. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық немесе қағаз түрінде. Қызмет көрсетушіге мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу үшін қағаз нұсқасымен жүгінген болса, онда нәтиже қағаз нұсқасында ресімделеді. Портал арқылы жүгінген болса, онда білім беру ұйымына қабылданғаны туралы хабарлама қызмет алушының «жеке кабинетіне» қызмет көрсетушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында келеді.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызмет алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.
7	Жұмыс кестесі	Қызмет көрсетуші: Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, көрсетілетін қызмет көрсетушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түсі үзіліс. Портал: жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы.

		<p>Қызмет алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекен-жайлары:</p> <p>1) Министрліктің интернет-ресурсында: www.edu.gov.kz;</p> <p>2) порталда: www.egov.kz орналастырылған.</p>
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі	<p>Қызмет көрсетушіге жүгінген кезде келесілерді ұсыну қажет:</p> <p>1) Университет ректорының атына еркін нысандағы өтініш;</p> <p>2) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі туралы құжат (түпнұсқа);</p> <p>3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);</p> <p>4) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосуреті;</p> <p>5) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 <u>бұйрығымен</u> бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 907 бұйрық) 086-У нысанындағы электронды форматта медициналық анықтама;</p> <p>6) ҰБТ сертификаты;</p> <p>7) білім беру грантын тағайындау туралы электрондық куәлік.</p> <p>Бірінші және екінші топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне тенестірілген тұлғалар, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары - қызмет алушылар артықшылықты құқық және квота беруді растайтын құжаттарды қосымша ұсынады.</p>

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар мынадай құжаттардың бірін қоса береді:

- 1) еңбек кітапшасы (түпнұсқа салыстыру үшін ұсынылады);
- 2) жұмыс берушінің қолы қойылған, ұйымның мөрімен (бар болса) расталған қызметтік тізім (жұмыскердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);
- 3) жұмыскердің еңбек қызметі туралы мәліметтерді қамтитын архивтік анықтама;
- 4) аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелер және әлеуметтік төлемдер жүргізілгені туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мәліметтер;
- 5) мерзімі және оны тоқтату негіздемесі көрсетілген жұмыс берушінің еңбек шарты;
- 6) еңбек шартын жасау мен тоқтату негізінде еңбек қарым-қатынасының пайда болуы мен тоқтатылуын дәлелдейтін жұмыс берушінің актісінен үзінді-көшірме;
- 7) жұмыскерлерге жалақы беру ведомосынан үзінді-көшірме.

Осы 1) - тармақшада көрсетілген құжат көшірмесімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары қызмет алушыға қайтарылады. қызмет алушы портал арқылы өтініш жасаған кезде төмендегілерді ұсынады:

- 1) қызмет алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;
- 2) жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) немесе жоғары білімі туралы құжаттардың электрондық көшірмесі (ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда);
- 3) 3x4 көлеміндегі сандық фото;
- 4) № 907 бұйрығымен бекітілген 086-У нысаны бойынша электрондық форматта медициналық анықтама;
- 5) ҰБТ электрондық сертификаты;
- 6) білім беру грантын беру туралы электрондық куәлік.

		<p>Жеке басын куәландыратын құжат туралы, жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) білімі туралы мәліметтерді, медициналық анықтаманы, ҰБТ электрондық сертификатын және білім беру грантын беру туралы электрондық куәлікті (ақпараттық жүйелерде болған жағдайда) қызмет көрсетуші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ақпараттық жүйе арқылы алады.</p> <p>Қызмет алушы порталда «жеке кабинетінде» Университетке тіркеу үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарламаны алғаннан кейін қызмет алушы қызмет көрсетушіге күнтізбелік жылдың 10-25 тамызы аралығында құжаттардың түпнұсқаларын ұсынады.</p>
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер	<p>Қызмет көрсетуші мемлекеттік қызметті көрсетуден келесі негіздемелер бойынша бас тартады:</p> <ol style="list-style-type: none">1) қызмет алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігі анықталса;2) қызмет алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін толық емес құжаттар топтамасын ұсынғанда;3) қызмет алушы құжаттар топтамасын белгіленген мерзімнен кеш ұсынған жағдайда.
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	<ol style="list-style-type: none">1) қызмет алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 минут;2) қызмет алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 минут (практиканы ескере отырып). <p>Қызмет алушы ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады.</p> <p>Қызмет алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде қызмет көрсетушінің берушінің Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтері, Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Қызмет көрсетушінің Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған: www.edu.gov.kz және</p>

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы
Алматы энергетика және байланыс
университеті» коммерциялық емес
акционерлік қоғамы

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы
энергетика және байланыс университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамына
жоғары білімнің білім беру бағдарламалары
бойынша оқуға қабылдау қағидасы

	бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414. Бірыңғай байланыс орталығы "1414", 8-800-080-7777.
--	---